



Газет 2019 жылдың
01 наурызынан
шыға бастады

ГАЗЕТ ЕКІ АЙДА БІР РЕТ ШЫҒАДЫ

92(12)22 АҚПАН

2022 жыл - Балалар жылы

Бұл шығарылымда



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жылды «Балалар жылы» деп жариялады. Бұл туралы жаңа жылдағы құттықтауында айтты. «Балаларға ерекше назар аудару керек. Себебі олардың амандығы – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі. Сол себепті келесі жылды «Балалар жылы» деп, жариялауды есептеймін», деді. Еліміздің Конституциясында баланың негізгі құқықтары 3 - тарауда, ал баланың денсаулық сақтау құқығы 8 - бапта айтылады. Баланың өміріне, денсаулығына және дене бітімі мен психикасының қалыптасуына зиян келтіретін кез келген ғылыми тәжірибелер немесе өзге де эксперименттерге тиым салынады.

10-бап. Әрбір баланың өмір сүруге, және басының бостандығына, қадір-қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмауға құқығы бар.

11-бап. Баланың сөз және ар-ождан бостандығына, ақпаратқа, қоғамдық өмірге араласуға құқығы бар. Әрбір баланың сөз бостандығына және өз пікірін айтуға, өзінің қоғамдық белсенділігін дамытуға, жасына сәйкес ақпарат алуға және оны таратуға, қоғамдық бірлесіктерге, сондай-ақ басқа да коммерциялық емес ұйымдардың нысандарына және Қазақстан Республикасының заңдарымен рұқсат етілген бейбіт

жиналыстарға өз еркімен қатысуға құқығы бар.

15-бап. Әрбір баланың білім алуға құқығы бар және Қазақстан Республикасының білім туралы заңдарына сәйкес оған тегін бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім, конкурстық негізінде тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жоғары білім алуға кепілдік беріледі.

17-бап. Баланың мемлекеттік құқығы. Мемлекеттік көмек оны алуға құқығы бар әрбір балаға тағайындалады. Мемлекеттік көмектің мөлшері және оны көрсетудің шарты мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді. Сондай-ақ баланың ел алдындағы міндеттері де заң жүзінде бекітілген.

20-бап. Баланың міндеттері. Әрбір бала Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандығын, ар-ожданы мен қадір-қасиетін, Республиканың мемлекеттік нышандарын құрметтеуге, еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға, тарихи және мәдени мұраларды сақтауға, табиғатты сақтауға және табиғи байлықтарға ұқыпты қарауға міндетті.

34-бап. Ұлттық және әлемдік мәдениетке баулу. Мемлекет балалардың Қазақстан халқының тарихымен, дәстүрлерімен, рухани қазыналарымен және әлемдік мәдениет жетістіктерімен танысуына мүмкіндік жасайды.

36-бап. Баланы әлеуметтік ортаның теріс ықпалынан қорғау. Баланың заңды өкілдерінің ертіп жүруінсіз түнгі уақытта (сағат 23:00-ден таңғы 6:00-ге дейін) ойын-сауық мекемелерінде болуына, сол сияқты жерлерге жіберілуіне тыйым салынады.

48-бап. Бала жауапкершілігінің ерекшеліктері. Құқыққа қарсы әрекет жасауға бала Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

50-бап. Қазақстан Республикасының құқықтары туралы заңдарының бұзылуына кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады. Көріп тұрғандарыңыздай, балалардың құқықтары жоғары деңгейде қорғалған. Сонымен қатар, ел алдындағы міндеттері мен жауапкершіліктері де көрсетілген. Ата заңды бала кезден біліп өскен баланың бойында патриоттық сезімнің қатар дамитыны анық. 2022 жыл «Балалар жылы» болып бекітілгендіктен, балалар да ел алдындағы жауапкершілік пен сенімді сезіне алуы керек. Қазіргі өскелең ұрпақ – еліміздің ертеңі. Осыны әрбір бала естен шығармағаны абзал.

1-БЕТ

- ♦ 2022жыл - «Балалар жылы»

2-БЕТ

- ♦ «Әлем таныған - Әуезов»

М. Әуезовтың туғанына 125 жыл

- ♦ «XXI ғасыр – сауатты ұрпақ ғасыры!» оқу сауаттылығы апталығы.
- ♦ «Менің отбасым және кітап» М.Әуезов шығармаларынан фотоакция

3-БЕТ

- ♦ «Бала Абай» бестік диктант
- ♦ «Біз және спорт» спорт жетістіктері
- ♦ Гимназия газеті қаншалықты маңызды? Ата-аналар пікірі

4-БЕТ

- ♦ «Қыстың сәні – қар» қызықты деректер
- ♦ «Көңілді қыс» Gymnasium news-тың сурет галереясы
- ♦ Тазалық – денсаулық кепілі. Шығамашылық жұмыстар
- ♦ ҚҰТТЫҚТАУЛАР



Әлем таныған - Әуезов

Есігімізден енді аттаған жаңа 2022 жыл қазақ руханияты үшін елеулі жыл болуға тиіс. Заманымыздың заңғары – ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезовтің туғанына 125 жыл.

Мұхтар Омарханұлы Әуезов — қазақтың ұлы жазушысы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, Қазақстан ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері.

Мұхтар Әуезов – қажымас қайрат, үлкен дарын, сарқылмас шабыт, мол парасат, шалқар ой, терең сезім иесі, гуманист жазушы. Оның проза, драма, ғылым, аударма саласында жазып қалдырған еңбектері – қазақ халқы әдебиетінің зор қазынасы.

Мұхтар Омарханұлы Әуезов 1897 жылы 28 қыркүйек күні дүниеге келді. Үй ішінде «ең кішкентай, момын да ерке болған қоңыр бала» — Мұхтар атасы Әуез, әжесі Дінәсілдің аялаған немересі болып өседі. Мұхтардың туған жері – Семей облысы, Абай ауданы. Оның жас шағында да, кейін де көп аралап көзінен таса етпеген, бақытты, шабытты ыстық күндерін өткізген, талай құпиясын ашқан, өнер әлеміне ұшырған аймағы – қазақ халқының байтақ өлкесі. Ол «Еңлік-Кебек», «Абай жолы», «Қараш-қараш оқигасы», «Көксерек» сияқты шығармаларын осы өзі туған өлкеден тапқан. Мұхтардың «Қоңыр мұңлы туған анасы» Нұржамал – Ұлы жүз Үйсін, шала қазақ атанған атадан. Бұл шала қазақтардың арғы нәсілі қысымшылық көріп, Үйсіндер арасына қашып келген, алты өзбек екен. Нұржамал үш қызды болып қырыққа тақаған шағында Мұхтарды көтеріпті. Жалғыз ұл Мұхтар ерке болып өседі. Кішкентай кезінде ауыл арасындағы соқтықпалы сотқар балаларға есесі кете беріпті. Анасы Нұржамал даладан үйге жылап келген баласын «Қарашөңке момыным» деп уатады екен.

Жазушының әкесі Омархан – Әуездің байымды азамат етіп өсірген баласы. Омархан сөзге ыспар, іске ширақ, еңбекқор адам болыпты. Мұхтардың үшінші атасы Бердіқожаның қызы Нұрғаным Құнанбайға ұзатылған. Бердіқожаның баласы Әуез – Абай шығармаларын жұрт арасына таратушылардың бірі. Абай кейде Әуезден арап, парсы сөздерінің аудармасын сұрап алады екен. Кейін келе Құнанбай, Бердіқожа балалары құданда болып, араласып кетеді. Әуездің балалары Омархан, Ахмет, Абай балаларымен алыс-беріс жасаған, достық қарым-қатынаста болған.


Қазақ халқы әдебиетінің зор туындысы «Абай жолының» 1937-1965 жылдары тараудай, жеке-жеке кітаптай басылып шыққан саны екі жүзден асты, шығармалары 27 тілге аударылды. СССР халықтарының талайы Мұхтар шығармасын өз тілінде оқиды, «Абай жолы» ағылшын, француз, неміс, поляк, румын, грек, венгер, вьетнам, чех, болгар тілдеріне аударылды. Бұл роман қазақ халқын, әдебиетін әлем деңгейіне көтерді.

**«XXI ғасыр – сауатты ұрпақ ғасыры!»
оқу сауаттылығы атталығы.**

**3 «Б» сынып оқушылары.
Қызықты ресурс Kahoot – тестпен жұмыс
жасау барысында**




**2 «А» сынып
оқушылары
«Funny
English»
сайыс сабақ
барысында**



**10 – сынып оқушылары. «Мен ең озық
оқырманмын» онлайн дебат сайыс
барысында**



**1 «А» сынып
«Жас суретшілер»**




**8 «А» сынып оқушылар
арасында «Білім бәйгесі» атты
ияткерлік ойын барысында**

Gimnasium_s.seifullin.krg

Гимназия газеті қаншалықты маңызды? Ата-аналар пікірі



Қазақ әдебиетін әлемдік әдебиетте танытуға өз шығармалары арқылы үлес қосқан академик, қоғам қайраткері, заманамыздың заңғар жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың мерейтойына орай «XXI ғасыр – сауатты ұрпақ ғасыры!» атты оқу сауаттылығы апталығы аясында 3 «Б» сынып оқушыларымен «Бала Абай» тақырыбында Бестік диктанты жүргізілді.



Мектеп баспасөзінің маңызы зор: газет мектеп өмірі туралы ақпаратты хабарлайды, белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастырады, оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің дамуына ықпал етеді. Баланың ақпаратқа ие болуын, оны түсінуін үйретіп, медиа-мәдениеттілігін дамытатын заманауи құрал. Гимназия газеті оқу мен тәрбие процессін насихаттайды, жан-жақты дамыған, белсенді тұлғаны тәрбиелейді.

Мандик Дамир. 2 б сынып
Анасы Аманжолова Айгуль Айдыновна

Мен 2 «Б» сынып оқушысы Имашева Айлин Нуридинқызының анасымын. Гимназия ішілік газет мен және балам үшін маңызды. Баламның жұмысын газеттен көру, мен үшін үлкен абырой. Жұмысын көргенде, қуанышымды сөзбен түсіндіре алмаймын. Сол күнгі газет, ертеңгі тарихпен тең қаншама жылдық естелік. Мәпелеген балаңның жеткен жетістіктерін көру, әр ата-анаға үлкен қуаныш. Сыныптың абыройы, ұстазының еңбегі.

Имашева Айлин 2 «Б» сынып
Анасы: Билжанова Мөлдір Алмасбаевна

Гимназия газетінің шығуы балаларға өте тиімді. Балам, қосымша тапсырмаларды қызыға орындайды. Себебі, өзінің жұмысын гимназия газетінен көру үлкен мәртебе. Осындай жұмыс ұйымдастырып отырған "Сәкен Сейфуллин атындағы гимназиясы" КММ мұғалімдеріне алғысымды білдіремін.

Шеризат Алан 2«Б» сынып
Анасы: Шеризатова Айгуль Боранбаевна



Нравится ainurkaimolla и еще 23

gymnasium_s.seifullin.krg Балалардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға, есептеуге, тапқырлыққа, тез шешім қабылдауға үйрету, ой өрісін жетілдіруде «Шахмат лигасы», «Дойбы тақтасындағы математика» үйірмелері қысқы демалыс кезінде жұмыс жүргізді. Жетекшілер: С.Хабдолда, Е.Әбділдә.

11 января · Показать перевод



Нравится karpykbaev1975 и еще 34

gymnasium_s.seifullin.krg Сенбі күні гимназия спорт залында "Алтын сақа" үйірме жетекшісі Д.Е. Нурлановтың ұйымдастыруымен, оқушылардың асық ойнау арқылы ұлттық ойынға деген қызығушылығын арттыру мақсатында жекелеген сынып оқушыларымен "Асық ату" ойыны өтті. Үлгілі ойын өрнегін көрсеткен оқушыларға мадақтамалар табысталды. "Үздік ойыншы" атанған 11 "Ә" сынып оқушысы Батыл Ұлағатты құттықтаймыз!



Нравится ainurkaimolla и еще 31

gymnasium_s.seifullin.krg Ел тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай, жас ұрпақты спорт саласына қызықтыру, денсаулығын сақтау, жеңіске жетуге деген бәсекелестік дағдыларын дамыту мақсатында 7- сынып ұл балаларының арасында волейболдан жарыс өткізілді. Жарыста 7"Ә" сыныбы - 1 орын, 7"Б" сыныбы-2 орын, 7"А" сыныбы- 3 орынға иеленді. Үйірме жетекшісі: Е.А.Карпыкбаев

Менің әкем - керемет! жеңімпаздары

Көңілді қыс



Жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруда отбасының маңыздылығын арттыру, әке мен баланың біріккен шығармашылық, спорттық іскерліктері арқылы отбасылық ынтымақтастықты дамыту мақсатында ұйымдастырылған гимназияшілік «Менің әкем - керемет!» байқауының жеңімпаздарын құттықтаймыз!

Бас жүлде:

3«Ә» сынып оқушысы Қабдылсаматова Ботагөз әкесі: Кошанов Абзал Қабдылсаматович
«Спортшы әке» номинациясы бойынша:

1-орын:

5 «А» сынып оқушысы Саматов Иса әкесі Кожин Даурен Саматович
4 «Б» сынып оқушысы Кісенбай Асқар әкесі Карабаев Али Ксенбаевич

2-орын:

2 «Б» сынып оқушысы Шеризат Алан әкесі Шеризатов Аян Карабаевич
4 «Ә» сынып оқушысы Байдүйсен Арман, Байдүйсен Жанерке әкесі: Аширбеков Еркебулан Байдүсенович
5 «Ә» сынып оқушысы Болат Дінмұхаммед әкесі Болатов Манарбек Болатович

3-орын:

2 «Б» сынып оқушысы Мустафа Мансур әкесі Ахметжанов Бексұлтан Мустафаевич
1 «Ә» сынып оқушысы Қабдолла Камила әкесі Аманов Меиржан Кабдоллаевич
4 «Ә» сынып оқушысы Саматов Нығмет әкесі Кожин Даурен Саматович
9 «Ә» сынып оқушысы Бекежанов Алихан әкесі Бекежанов Асқар Алимжанович

«Өнегелі әке» номинациясы бойынша:

1-орын:

5 «Б» сынып оқушысы: Дауыт Ерназ әкесі Асанов Еркін Дауытович

2-орын:

1 «А» сынып оқушысы: Құмарбек Даниал әкесі Райбаев Даулет Құмарбекович
1 «Б» сынып оқушысы Габдуллина Райана әкесі Габдуллин Руслан Бекзатович

3-орын:

2 «Ә» сынып оқушысы Орынбек Айдар әкесі Алимжанов Үсен

«Әнші әке» номинациясы бойынша

Алғысхат иегерлері:

4 «Б» сынып оқушысы Полатова Регина әкесі Наурызбаев Сеит
4 «Б» сынып оқушысы Нұржанқызы Аяна әкесі Хасенов Нуржан
«Спортшы әке» номинациясы бойынша

Алғысхат иегері:

1 «Б» сынып оқушысы Самат Мұхаммед әкесі Кожин Даурен Саматович
Сонымен бірге сынып жетекші ретінде шараға жоғары белсенділік танытқан, ата-анамен бірлескен ынтымақтастық әрекеті мен шығармашылық ізденісі үшін Тунгүшбаева Алмагүл Мажитовна Алғыс хатпен марапатталды. Құттықтаймыз!!!




3Б Орынбай Алижан




Қыс қызығы
Қыс келді. Күн суытып жердің бетін аппақ мамық қар басты. Боран соқты. Өзенге қалың мұз қатты. Ал балалар болса қыс мезгілі келгенде маз—мейрам болады. Қыс қызықты мезгіл. Қыстың қызығы көп. Қыста балалар коньки, шаңғы тебеді. Олар қардан аққала жасайды, қардан басқа да ойыншықтар жасайды, қармен атысады. Қардың үстінде шамамен сырғанайды. Балалардың жүздері күлкіге толы. Далада көп ойнаған денсаулыққа өте пайдалы. Қыстың күні ауа таза болады. Қыс тамаша мезгіл.




3D Сәгітова Раушан




2А Ақыбекқызы Аделина



7Ә Меерамов Арнұр



2А Шәкен Мариям



5Б Калиахметов Дархан

Гимназиямыздың 2 «Б» сынып оқушыларына денсаулықтың адам өмір сүруі үшін аса қажетті екенін түсіндіре отырып, оқушыларды білімділікке, салауатты өмір сүруге, денесін шыңдауда шымыр да шапшаң ұқыпты да жинақы, ортаны таза ұстап аялауға, өз денсаулығын күте білуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу мақсатында оқушыларымыз «Денсаулық—тазалық кепілі» атты тақырып аясында шығармашылық жұмыстарын ұсынууда.






- Денсаулық – зор байлық. Денсаулық болса, бәрі де болады. Дені сау адамның көңілі шат, өмірі бақытты.

Денсаулық - тамақ

-күш

-тазалық

- Денсаулықтың досы – тазалық. Ол үшін біз жеке бас гигиенамызды таза ұстауымыз керек.



Меншік иесі:
«С.Сейфуллин атындағы гимназиясы»КММ
Бас директоры
Қ.Т.Сейтимбетова

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары
Ш.Ө.Алиева

Бас редактор
Ф.Д.Абдугалиева
Тілшілер
Ж.С.Тлеубергенова

Көркемдеуші-дизайнер
Б.К.Абылкаиров
Жауапты хатшы
Қанапаш Раушан

Корректорлар
«Kitaptime» мүшелері:
9 «Ә» сынып

Мекен - жайымыз
Ерубасева 43А
e-mail: sch92@kargoo.kz
Байланыс телефондары:
8(72-12)47-92-39